



Әбу Насыр әл-Фараби – әмбебап МУЗЫКАНТ



Тұңғыш президенттің «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болып табылатын «Ұлы даланың жеті қыры» жаңа бағдарламасы «Өз еліңнің ұлттық дәстүріне, тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарау кез келген тәрбиенің негізі болып табылады және ең зор ұлттық құндылығымызды көрсетеді.

Ұлы даланың жеті қыры әлемдік өркениетті құру мен дамытуға септік еткен ұлттық мұра топтарын ұсынады. Жылқыны қолға үйрету және жылқы шаруашылығының кейінгі дамуы Ұлы даланың экономикалық және технологиялық жарылысқа серпін берді. Ерте заманда-ақ металлургияны, қола мен темірді өңдеуді меңгере отырып біздің ата-бабаларымыз әлемдік өркениеттің дамуына зор үлес қосты. Көшпенді халықтар айрықша құрылған әскери жүйенің арқасында бірнеше ғасырлар қатарынан қарсыластарына өздерінің әскери-саяси артықшылықтарымен үстемдікке ие бола білді.

Ұлы Жібек жолы далалық Еуразиядағы өркениеттің дамуының мықты факторына айналды, түріктердің Орталық Азияда өркендеп, гүлденуінде ынталандырушы рөл атқарды. Бұл мұра қазірдің өзінде де еуроазиялық аймақ мемлекеттерінің тығыз өзара іс-қимылын қозғаушы күштердің бірі болып табылады.

Қазақстан сақтарының материалдық-мәдени мұрасы бойынша көптеген ескерткіштердің ашылуы Қазақстан мен Еуразияның іргелес аймақтарының ежелгі тарихын қайта құруда зор маңызға ие. Ғылым мен мәдениеттің орталығы болып, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауилер өмір сүрген және түрлі еңбектер жазған ортағасырлық қалалар – бұлар нағыз Ұлы дала жетістіктері. Олар әлем тарихы мен мәдениетінің дамуы мен қалыптасуына зор ықпал еткен.

Ұлы даланың біртуар ойшылдары бейнелерінің галереясы және келбеті орын тебетін Отырардың қайта жаңғыруы – бұл біздің мемлекетіміздің дамуының заманауи кезеңіндегі абсолютті қажеттілік. Сондықтан Президент айтқан Қазақстан тарихын

зерттеу мен елдің мәдени мұрасы етуге бағытталған жаңа, күрделі жобаларды сапалы етіп орындау, Ұлы дала елдерінің тарихи рөлін тануға және Қазақстанның рухани-идеологиялық дамуына септік етеді.

Өткен ұлы көшпелі өркениетті нақты тану қазіргі заманғы Қазақстанның дамуына қанат бітіріп, ұлттық мұрамыздың барлық маңызын терең түсінуіміздің көрінісі болады.

Әл-Фарабидің есімі дүние жүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан бері орын алады. Оны шығыстың Аристотелі деп атаған.

Әбу Насыр Әл-Фараби әмбебап музыкант та болған. Саз аспаптарында ойнап, өн салған, өз жанынан өн, күй шығарған. “Музыканың ұлы кітабы” — ғұламаның әрі музыка жайында, әрі физика-математика жайында жазған тарихи үлкен туындысы. Мұнда музыкалық акустика мәселелері барынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы т.б. жайында көптеген дұрыс, соны пікірлер айтылған.

Әбу Насыр әл-Фараби ғылыми танымның жалпы теориялық үш шартын анықтаған. Сонын негізінде музыка теориясын жаңадан қалыптастырды. Ол шарттар Әбу Насыр Әл-Фараби ғылыми танымның жалпы (универсал) теориялық үш шартын анықтап, соның негізінде музыка теориясын жаңадан қалыптастырды. Ол шарттар: біріншіден, ғылымның барлық түпкі негіздерін – принциптерін білу; екіншіден, осы принциптерден сол ғылымға жататын қажетті қорытындыларды, нәтижелерді шығара білу; үшіншіден, осы ғылым жайлы бұрын-соңды айтылмаған ой-пікірлерді талдай білу. Музыканың математика теориясын жасау жолында Әбу Насыр Әл-Фараби математиканың көптеген түбегейлі мәселелерін қамтиды.

Ш.Ж.Бердаулетова,

А.Е. Сматова,

М.Әуезов атындағы ОҚУ

«Гуманитарлық мамандықтар үшін шет тілдері»,

Ж.І.Салмырза

ЦАИУ «Бастапқы әскери

дайындық және дене шынықтыру»

кафедралары